

## «АВАНГАРД ПЛЮС»

### жас кәсіпкерлер мектебі

Бүгінгі күні елімізде шағын бизнесті, әсіресе жастардың кәсіпкерлігін дамытуға айрықша мән берілуде. «Қазақстандықтар – жасампаз және жас ұлт: республиканың әрбір екінші тұрғыны 30 жасқа толмаған жастар. Қазақстанның болашағы Қазақстан жастарының даму деңгейімен, олардың қоғамға ықпалдасуымен байланысты, болашақтың негізі бүгін қаланады» деп жазылған «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында.

**Ж**оғарғы оқу орындары мен колледждерде білім алып жүрген студенттер оқуларын тәмәмдап, әркім өз жолын таңдап, болашаққа қадам жасайды. Болашаққа қадам жасайтың жастарға кейбір кезде тұжырымды, айғақпен жеткізілетін жұмыстардың пайдасы зор.

Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында Шығыс Қазақстан облысы кәсіпкерлер палатасының Іскер әйелдер кеңесі Березинская-Абилова Елена Николаевнамен бірге «Авангард плюс» жас кәсіпкерлер мектебінің ашылуы үлкен құптарлық іс. Бұл - жеке бизнеспен айналысқысы келетін жастарға көмек көрсетіп, бағыт-бағдар беретін жоба. Аталмыш мектептің мақсаты студенттердің бойында алдымен кәсіпкерлік сана қалыптастыру, ынта-жігерлерін арттыру және практикалық жағынан

бағытталғанын көруге болады.

Студенттерге арналған жас кәсіпкерлер мектебінде біз жастардың ойларын бағалай отырып, жаңа да тың идеяларды ұсынып, әртүрлі тақырыптарда жоғары дәрежелі мамандардан дәріс оқиды. Сондай-ақ жеке кәсіпкер қыз-келіншектердің шеберлік сағаттары апта сайын жүргізіліп отырады. Осыған дейін «Бизнесті бастау үшін нені білу керек?», «Бизнеске қалай жол ашуға болады?», «Шағын және орта бизнестің қыр-сыры», «Отбасылық бизнес» сынды тақырыптарда дәрістер оқытылды.

Жас кәсіпкерлер мектебінде дәріс тыңдағандарға сертификат беріліп, сонымен қатар, өз ісін ашқандарға бизнесін қолдауға кепілдік беріледі.

Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы директоры Күлзада Қаратайқызы: «Жастар үшін мүмкіндік атаулы қашанда бар, болған және бола береді де. Ең алдымен жастар «Авангард плюс» мектебіндегі әртүрлі шеберлік сағаттарға қатысып, мұқият тыңдап, түсінгені дұрыс. Болашаққа нық қадам жасауды көздеген жастар жоспарлы түрде өзіне ұнаған кәсібін ашса, ұршықтай иіріп әкететіндігі сөзсіз», - дейді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» атты еңбегінде атап айтқанындай, «Егер де жастар гуманизмді, білімді, жауапкершілікті, әділдікті таңдап алса және өзімшіл болмаса, онда олармен бірге табыс та ілесіп жүреді» деп, жас кәсіпкерлеріміздің істеріне сәттілік тілейміз.

**Э. ШАГЫРАЕВА,**

Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының маркетинг орталығының жетекшісі